



«БЕКТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің президенті

У.С.Абдибеков

« 28 »

2014 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰСҚАУ ЖН-КИ-001-2014

КОМПЬЮТЕРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША ЖҰМЫС НҰСҚАУЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Жалпы бөліммен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

- | | |
|--------------------|--|
| 1. Әзірлеген | - Инженер-бағдарламашы М.М.Шынтаев |
| 2. Келісілді | - Ұйымдастыру және әлеуметтік мәдени істер жөніндегі вице-президент, профессор
Б.Қ.Мұхамеджанов
- Кентау институтының директоры, профессор
К.М.Беркимбаев
- Құқықтық және экономикалық қадағалау басқармасының басшысы А.Абсеметов
- Әкімшілік кадр басқармасының басшысы
А.Каримова
- Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының басшысы Ж.Е.Дарибаев |
| 3. Енгізілді | - 2014 ж. |
| 4. Тексеру мерзімі | - 2016 ж. |

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан

Қазақстан Республикасының
Білім және Ғылым Министрлігі

04
11
1к

<i>Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖН-КИ-001-2014</i>
Сапа менеджмент жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
<i>Компьютерде жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздігі</i> <i>Бойынша жұмыс нұсқауы</i>		<i>7 беттің 2-ші беті</i>

1 ҚОЛДАНЫЛУ АЙМАҒЫ

Бұл нұсқаулық есептеу техникасын іске қосатын қызметкерлерге таратылып беріледі. Бұл нұсқаулықта мекемедегі электр құрылғыларын қалдану кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтаудың жалпы ережелері көрсетілген.

Нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындау міндетті болып саналады, ауытқуларға рұқсат етілмейді.

2 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Терминдер: монитор, процессор, клавиатура, принтер, экран, дисковод, символ, блок.

Қысқартулар: ВДТ-видиодисплейлік терминал, ДЭЕМ – дербес электрондық есептеу машиналары

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫН ПАЙДАЛАНАТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Электр аппаратурасыз өз бетінше іске қосу үшін көрсетілген жұмысты орындауға квалификациясы сәйкес және денсаулық жағдайы жарамды, жасы 18 жастан жас емес тұлғаға рұқсат етіледі.

Қызметкер жұмысқа кірісер алдында техника қауіпсіздігі ережелерінің кіріспе нұсқаулығын меңгеру керек. Осыдан кейін 6 айдан ұзақ емес мерзімде өзі немесе осы саладағы қызметкерлер тобымен (топта 20 қызметкерден көп болмауы керек) қайтадан нұсқаулықпен танысулары керек. Жоспарланбаған нұсқау еңбекті қорғау ережесі өзгергенде, қызметкер техника қауіпсіздігі ережесін бұзған жағдайда, қызметкердің жұмысының сипаты өзгерген жағдайда жүргізіледі.

Электр құралдары үнемі пайдаланылатын бөлмелерде ыңғайлы жерде техника қауіпсіздігі нұсқаулығы ілініп тұруы керек және бұл нұсқаулықта өрт, апат, электр жарақаты жағдайында қызметкердің алдымен не істеуі керектігі толық анықталған болуы керек. Құрылымдық бөлім жетекшілері есептеу техникаларының және де басқа да электр құралдарының қауіпсіз қолданылуына, қолдану тиімділігіне жауап береді; осы техника қауіпсіздігі нұсқаулығының орындалуын бақылайды.

3.2 ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ЗИЯНДЫ ФАКТОРЛАР ТҮРЛЕРІ

Есептеу техникасын және басқа да электр құралдарын пайдаланатын қызметкер ұшырауы мүмкін қауіпті және зиянды құбылыстар әсер ету табиғаты бойынша келесі топтарға бөлуге болады :

- электр тоғына түсіп қалу
- механикалық әсер
- электромагниттік сәуле шығару
- инфра қызыл сәуле шығару
- өрт қауіптілігі
- шу мен тербелістің жоғары деңгейі

Қауіпті және зиянды факторлардың әсерін тоқтату үшін санитарлық

<i>Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>КН-КП-001/14-2014</i>
Сапа менеджмент жүйесі	Қызметтік нұсқауы	
<i>Компьютер класс операторының қызметтік нұсқауы</i>		<i>7 беттің 3-ші беті</i>

ережелер мен нормаларды, видеодисплелі терминалдар мен дербес электрондық – есептеу машиналарына қойылатын гигиеналық талаптарды қатаң сақтау керек.

3.3 ЖҰМЫСТЫ БАСТАР АЛДЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

3.3.1. Жұмысты бастау үшін оператор міндетті;

- жұмыс орнын ретке келтіріп қарап шығу;
- жұмыс орнының жарықтандырылуын қалыпқа келтіріп экранға шағылудың жоқ екеніне, қарама-қарсы жарық ағынының жоқ екендігіне көз жеткізу ;
- қондырғының электр желісіне дұрыс қосылғандығын тексеру;
- экран бетін және қорғаныс фильтрін салфеткемен сүртіп шығу;
- үстелдің, орындықтың, қондырғының дұрыс орналасуын, экранның еністеу бұрышының дұрыстығын, клавиатураның дұрыс орналасуын қарап шығуы керек және жұмыс орнын түгелдей ыңғайластыруы керек;

3.3.2. Оператор компьютерді іске қосар алдында келесі кезектілікті сақтауы керек :

- қорек блогын қосу ;
- перифериялық қондырғыларды (принтер, монитор, сканер және т.б.) қосу;
- жүйелік блокты (процессор) қосу.

3.3.3. Операторға келесі жағдайларда жұмыс істеуге тиым салынады :

- видеодисплейлік терминалға гигиеналық сертификаты болмағанда ;
- көрсетілген жұмыс орнындағы еңбек жағдайын аттестацияланбаған жағдайда немесе қондырғы параметрлерінің санитарлық норма талаптарына сәйкес болғанда ;

- экрандық қорғаныс фильтрі болмағанда ;

- қондырғының бұзылғандығы байқалғанда ;

- көмірқышқылдық немесе ұнтақтық өртеөндіргіштер мен алғашқы көмекке қажетті аптечка болмаған жағдайда ;

- ВДТ орналастырудың гигиеналық нормалары (бөлменің ауданы 6 кв.м. -ден кем емес, қабырғадан 1м алыс бірнеше компьютер бірқатарда орналасса ара қашықтығы 1,5 м-ден кем болмауы керек) сақталмаған жағдайда ;

3.3.4. Зиянды факторлар әсерін азайту үшін ұсынылады :

- люминесценттік лампаларды пайдаланбау ;

- дисплейдің сырт жағы жарықтандырылған болмауын қамтамасыз ету ;

- экранға фильтр орнату ;

- қатар орналасқан терминалдардың ара қашықтығы 1,2 м-ден кем болмауын қамтамасыз ету ;

- дисплейдің кескіндік центрі еден деңгейінен 0,7 - 1,2 м болуы керек .

3.3.5. Құжаттарды орналастыру үшін жұмыс орнын попитрмен жабдықтау.

3.3.6. Жұмыс орнын жинақтап артық заттарды алып тастау .

3.4. ЖҰМЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

3.4.1. Оператор жұмыс кезінде міндетті :

- тек өзіне тапсырылған жұмысты орындауға ;

- жұмыс орнын таза бір қалыпта ұстауға ;

- қондырғының барлық желдеткіш тесіктерін ашық ұстауға ;

- ішкі "тышқан" құралын тек арнайы кілемше үстінде пайдалануға ;

- жұмыс кезіндегі аз ғана үзіліс кезінде барлық белсенді функцияларды

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-КИ-001-2014
Сапа менеджмент жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Компьютерде жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздігі Бойынша жұмыс нұсқауы		7 беттің 4-ші беті

жабуға;

- жұмыс режимі мен демалыс уақыты режимін сақтауға;
- есептеу техникасын пайдаланғанда іске қосу ережесін сақтауға ;
- мәтіндік ақпараттармен жұмыс істегенде едәуір физиологиялық режим- ақ фондағы кара символ режимін таңдау ;
- жұмыс кезінде регламентке сай үзілістер жасап көз, мойын, қол, дене, аяққа қажетті жаттығулар жасауға ;
- экраннан көзді 60-70 см қашықтықта ұстауға.

3.4.2. Жұмыс кезінде операторға тиым салынады :

- экран мен клавиатураға бізмезгілде жанасуға ;
- тоққа қосылған процессордың сыртқы панеліне жанасуға ;
- перифериялық қондырғылардың интерфейстік кабельдерін тоққа қосулы кезінде ауыстыруға ;
- процессордың үстінгі панелін қағаздармен толтырып қоюға ;
- қоректік көзді жұмыс істеу кезінде ажыратуға ;
- техниканы жиі қосып ажыратуға ;
- процессордың, монитордың, клавиатураның, дисководтың және принтердің жұмысшы бетіне ылғал түсіруіне ;

- 4 сағат ішінде 30 мың символдан артық өндеуге.

3.4.3. Компьютердегі жұмыс режимі : 40-50 минут жұмыс ; 10-15 минут үзіліс.

3.4.4. Тұрақты жұмыс кезінде экран орталықта болып құжаттар үстелдің сол жағында немесе экранмен бір жазықтықта орналасуы керек.

3.5 АВАРИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

3.5.1. Оператор міндетті :

- қоректік желі өткізгіштері үзілгенде, жағымсыз күйік иісі шыққанда немесе басқа да электр құралдарының апаты жағдайында тез арада техниканы қорек көзінен ажыратуға, басшылыққа хабарлауға және кезекші электрлікті шақыруға ;

- тоқ кернеуіне түсіп қалған адамды байқағанда тез арада электр қондырғысын тоқтан ажыратып дәрігер шақырып, дәрігер келгенше алғашқы Медициналық көмек көрсетуге ;

- кез-келген жұмыс тоқтап қалған жағдайда тез арада есептеу техникасын қолдану жөніндегі инженерлік-техникалық қызмет өкілін шақыртуға ;

- қатты көз шаршауы болып көру қабілеті шұғыл нашарлағанда, саусақ ұшы қатты ауырғанда, жүрек соғысы бірден күшейгенде тез арада жұмыс орнын тастап басшылыққа ескертіп дәрігерге көрінуге ;

- қондырғы жана бастаса тез арада тоқтан ажыратып көмірқышқылдық немесе ұнтақтық өртсөндіргіштер көмегімен өрт сөндіру командасын шақыруға, басшылыққа хабарлауға ;

3.5.2. Қорек көзін ажыратқан жағдайда жұмыс істеуді тоқтату керек және жетекшілікке хабарлау керек. Өз бетінше шешім қабылдап, себебін анықтауға ұмтылмаңыз.

3.5.3. Өрт кезінде электрлік қондырғыларды тек көмірқышқылдық немесе ұнтақтық өртсөндіргіштерді пайдалану керектігін есте сақтаңыз, құрғақ құмды электрлік зақымдану кезінде ғана қолдануға болады.

<i>Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖН-КИ-001-2014</i>
Сапа менеджмент жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
<i>Компьютерде жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздігі</i>		<i>7 беттің 5-ші беті</i>
<i>Бойынша жұмыс нұсқауы</i>		

3.6 ЖҰМЫС СОҢЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

3.6.1. Жұмыс соңында оператор есептеу техникасын сөндіруді келесі тәртіппен іске асыру керек :

- барлық белсенді міндеттерді жабу ;
- дисководта диск жоқ екендігіне көз жеткізу ;
- коректік блокты ажырату.

3.6.2. Жұмыс соңында оператор жұмыс орнын қалыпқа келтіріп, халатын шешіп , қолын-бетін сабындап жуу керек.


4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бұл нұсқаулықты пайдалану міндетті болып саналады. Қызметкер нұсқаулық талаптарын орындамаған жағдайда бұзылу сипатына қарай әкімшілік және сот жағдайында жауапқа тартылады.

Қауіпсіз жұмыс ережесін сақтау өндірістік травматизмнің алдын-алудың қажетті шарты болып табылады.


КЕЛІСІЛДІ

Ұйымдастыру және әлеуметтік мәдени істер жөніндегі вице-президент, профессор




Б.Мұхамеджанов

Кентау институтының директоры, профессор



К.М.Беркимбаев

Құқықтық және экономикалық қадағалау басқармасының басшысы



А.Абсеметов

Әкімшілік кадр басқармасының басшысы



А.Каримова

Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының басшысы



Ж.Дарибаев

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-КИ-001-2014
Сапа менеджмент жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Компьютерде жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздігі Бойынша жұмыс нұсқауы		7 беттің 6-ші беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Құрылым	Қызметкердің аты-жөні	Танысқан күн	Қолы
1	Таштаев Баиле	Шоңтаев Мұхтар		<i>[Signature]</i>
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				
16				
17				
18				
19				
20				
21				
22				
23				
24				
25				
26				
27				
28				
29				
30				

<i>Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖН-КИ-001-2014</i>
<i>Сапа менеджмент жүйесі</i>	<i>Жұмыс нұсқауы</i>	
<i>Компьютерде жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша жұмыс нұсқауы</i>		<i>7 беттің 7-ші беті</i>

31.				
32.				
33.				
34.				
35.				
36.				
37.				
38.				
39.				
40.				